


СЕМИОСФЕРА

Мәтін риторикасы – мағына тудырушы механизм

2-тарау. Ойшыл әлемдер арасында





Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 7. Мәтін риторикасы – мағына тудырушы механизм

Адам баласының санасы әртекті болып келеді. Минималды ойшыл механизм өз ішіндегі өңделген ақпаратпен алмасқан, жоқ дегенде, екі түрлі жүйені қамтуы тиіс. Адам миының үлкен жартышарының жұмыс жасау ерекшелігі жөніндегі зерттеулер оның ұжымдық интеллект ретінде мәдениет механизмімен терең ұқсастығы бар екенін анықтады. Екі жағдайда әлемді бейнелеудің және аталмыш жүйелердің арасында мәтін алмасудың күрделі механизмдерімен жаңа ақпаратты өңдеудің, кем дегенде, екі үздік тәсілі бар екенін көреміз. Екі жағдайда да, жалпы алғанда, ұқсас құрылымды байқаймыз, атап айтқанда, бір сана шеңберінде екі сана бар деуге болады. Бірі дискретті кодтау жүйесіне сүйеніп, біріккен сегменттердің сызықтық тізбектері сияқты құрылатын мәтіндерді жасайды.

Бұл жағдайда негізгі мән иесі сегмент болып табылады, ал сегменттер тізбегі қосымша мән иесі, оның мәні таңбалардың мәнінен туады. Екінші жағдайда мәтін бастапқы сипатқа ие. Ол негізгі мән иесі болып табылады. Табиғатынан дискретті емес, континуалды. Оның мағынасы не сызықтық, не уақыттық реттілікпен ұйымдаспайды, керісінше берілген мәтіннің (сурет кенебінің, сахнаның, экранның, салттық әрекеттің, қоғамдық мінез-құлықтың не түстің) п-өлшемді семантикалық кеңістігінде «шашырап жатыр». Мұндай тұрпаттағы мәтіндерде бірден-бір мән иесі мәтін болып табылады. Оның құрамдас таңбаларын бөлу қиындық келтіреді, оған қоса кейде жасанды сипатқа да ие. Осылайша, дара сананың да, ұжымдық сананың да шеңберінде мәтін тудырушылардың екі типі жасырынып тұр: бірі дискреттілік механизміне негізделген, екіншісі континуалды болып табылады. Бұл механизмдердің әрқайсысы құрылысы жағынан имманентті болса да, олардың арасында мәтіндер мен хабарламалардың ұдайы ауыс-түйісі бар. Ауыс-түйіс семантикалық аударма формасында жасалады. Дегенмен кез келген дәлме-дәл аударма қандай да бір екі жүйе бірліктерінің арасында өзара анық қатынастар бар екенін тұспалдайды, оның нәтижесінде бір жүйе екінші жүйеден көрініс таппақ. Бұл бір тілдегі мәтінді басқа тілдің құралдарымен сайма-сай жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда егер дискретті және бейдискретті мәтіндер қатар орналасып қалса, бұл мүмкіндік мүлде жүзеге аспай қалады. Бір мәтіннің басқа мәтіндегі дискретті және дәлме-дәл семантикалық бірлігіне бейайқын шекаралары және басқа мағынаның аясына жетелер бірізді өткелдері бар қандай да бір мағыналық таңба сәйкес келеді. Ал егер онда сегментация бар болса, онда ол бірінші мәтіннің дискретті шекараларының типімен сәйкес келмейді. Бұл жағдайда аударылмаушылық жағдайы туындайды. Алайда дәл осы жерде аударуға деген талпыныстың табандылығына шек келтіре алмаймыз және де бұл талпыныс құнды нәтижелерге жетелейді. Бұл жағдайда дәлме-дәл аударма емес, екі жүйеге де ортақ мәдени-психологиялық және семиотикалық мәнмәтінмен айқындалған, жуық және шартты баламылық пайда болады. Мұндай заңсыз және дәлме-дәл емес балама аударма кез келген шығармашылық ойлаудың елеулі элементтерінің бірін құрайды. Дәл осы «заңсыз» жақындықтар жаңа мағыналық байланыстардың және түбегейлі жаңа мәтіндердің пайда болуына түрткі болады.

Араларында қандай да бір мәнмәтін шеңберінде барабар қатынас орнайтын өзара сәйкес емес маңызды элементтердің жұбы семантикалық тропты жасайды. Бұл тұрғыда троптар көзге сырты ғана керемет боп көрінетін аппликация секілді әшекей емес, олар шығармашылық ойлаудың мәнін құрайды. Ал олардың аясы өнердің аясынан да кең және бұл ая жалпы шығармашылыққа тиесілі. Мәселен, абстрактілі идеялардың көрнекі аналогтарын жасауға, көп нүктелер арқылы үздіксіз үдерістерді дискретті формулаларда, қарапайым бөлшектердің кеңістіктегі физикалық модельдерінің құрылыстарында көрсетуге жасалған барлық талпыныстар риторикалық фигуралар болып табылады. Дәл осы сияқты, поэзияда да, ғылымда да заңды жақындық жаңа заңдылықты қалыптастыру үшін түрткі болады.

Троптар теориясы өзі өмір сүрген ғасырда олардың негізгі түрлерін, атап айтқанда, метафораны, метонимияны және синекдоханы анықтау бойынша біршама әдебиеттерді қорына жинақтаған жайы бар. Бұл әдебиеттер легі одан сайын өрісін жаюда. Дегенмен тропты логистикалау кезінде олардың бір элементі сөз табиғатына, енді бір элементі, қанша жерден бүркемеленсе де, көру табиғатына ие екені анық. Тіпті оқуды көрсету мақсатында жасалатын метафораның логистикалық модельдерінде де бейдискретті образ екі дискретті сөздік компоненттің арасындағы жасырын буынды құрайды. Алайда екі тілдің арасындағы аударылмаушылық жағдайы неғұрлым терең болса, екеуіне де ортақ метатілге деген зәрулік те соғұрлым жіті болады. Бұл метатіл олардың арасына көпір салып, эквиваленттілікті



орнатуға септігін тигізер еді. «Фигуралар риторикасында» метақұрылымдық құрылыстардың гипертрофиясын тудырған да троптардың дәл осы тілдік әртектілігі болатын. Метасипаттау деңгейінде догматизмге бейімделу мәтін деңгейінде сөздердің шарасыз белгісіздігінің орнын толтырды. Бұл жерде орнын толтыру деген ерекше мағынаға ие болып тұр, өйткені риторикалық мәтіндер жалпытілдік мәтіндерден елеулі ерекшелігімен өзгешеленеді: тілдік мәтіндерді тіл иесі стихиялық түрде жасайды, эксплицитті қағидалар бұл жерде санасыз процестердің логикалық моделін құрастыратын зерттеуші үшін ғана өзекті болады. Риторикада мәтіндердің пайда болу үдерісі «ғылыми», саналы сипатқа ие. Мұндай қағидалар мәтінге метадеңгейде ғана емес, сондай-ақ тікелей мәтіндік құрылым деңгейінде де белсенді түрде қосылған.

Бұл өзіне иррационалдылық элементін қамтитын және тікелей риторикалық фигура мәтініне саналы конструкцияны қосумен байланысты гипер-рационализм сипатына ие троптың ерекшелігін қалыптастырады. Бұл жағдай метафора сөздер соқтығысының негізінде емес, мәселен, кино тілінің элементі ретінде құрылған кезде ерекше айқын көрінеді. Екі визуалды образды дискреттілік пен бейдискреттіліктің немесе басқа да түбегейлі аударылмаушылық жағдайларының арасында еш қайшылықсыз тез құрастырып салыстыруға келетін сияқты болып көрінеді. Алайда мұқият қарайтын болсақ, бұл жерде метақұрылымның кадрды табиғи тілдегі сөзге ұқсату негізінде құрылатынына және дискреттілік механизмі кинометафораның тура құрылымына енгізілетініне көзіміз жетеді. Тағы бір жайтқа көз жеткізуге болады: егер кинометафораның бір мүшесі еш қиындықсыз сөзбен баяндалса, онда басқа мүшесі көбінесе мұндай баянға берілмейді, яғни көнбейді деуге болады.

«Фигуралар риторикасының» екінші қайтара модельдеу деңгейіне жатуы метамодельдердің рөлімен байланысты және бұл қабатты бастапқы таңбалар мен символдардан ажыратады. Мәселен, жануардың мінез-құлқындағы агрессивті ым, егер ол нақты агрессивті әрекетпен байланысты болмай, оны алмастырып тұрса, онда символикалық мінез-құлықтың элементі болып есептеледі. Алайда символ мұнда бастапқы мәнінде қолданылып тұр. Сексуалды символ сипатына ие ым серіктесінің жалпы жануарлар ұжымындағы үстем рөліне бойсұну мәнінде қолданылып, жынысқа қатысты мазмұнмен байланысын үзетін тағы бір жайт бар. Бұл екінші жайтта ымның метафоралық сипаты туралы және ым риторикасының белгілі бір элементтерінің болуы туралы айта аламыз. Келтірілген мысал «дискретті – континуалды» оппозициясының семантикалық аударылмаушылық троптарын тудыратын ықтимал формалардың бірі ғана екенін көрсетіп тұр. Дегенмен де, «риторика-текті» жағдайдың пайда болуы үшін жеткілікті қарама-қайшылық тудыратын семантикалық құрылымы алшақ салалар да соқтығысуы мүмкін.

Дәстүрлі риторикада сөздің негізгі мәнін өзгерту тәсілдері троптар деп аталады. Соңғы он жылдықтардағы неориторикада қазіргі лингвистикалық-семиотикалық идеяларға сәйкес жалпы троптардың да, олардың нақты түрлерінің де мән-мағынасын нақтылауға талай талпыныс жасалған болатын. Бұл бағыттағы негізгі тәжірибе Якобсон мен Экоға тиесілі. Мәселен, У. Эко риториканың лингвистикалық негіздерін зерттей келе, метонимияны бастапқы фигура деп санайды. Эко оның негізінде төмендегілерде іргелес байланыстар тізбегі бар деп есептейді:

- код құрылымында;
- мәнмәтін құрылымында;
- референт құрылымында.

Классикалық риторика фигуралардың тармақты классификациясын әзірлеп шығарды. («Фигура» терминін алғаш рет б. з. д. IV ғ.). Лампсактық Анаксимен қолданған екен. Бұл мәселені Аристотель жете зерттеген. Оның оқушылары «сөз фигурасы» және «ой фигурасы» бөлінісін енгізген. Әрі қарай фигуралар жүйесін антика дәуірінің, орта ғасырлардың, классицизм дәуірінің авторлары сан мәрте зерттеген. Сөйтіп бұл жүйе барған сайын күрделі бола түседі. Неориторика негізінен үш ұғымға сүйенеді:

- метафора – қандай да бір «семаны» ұқсастығы не үйлестігі бойынша семантикалық алмастыру;
- метонимия – іргелестік, ассоциация, себептілік бойынша алмастыру;



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 7. Мәтін риторикасы – мағына тудырушы механизм

Бір авторлар негізгі, үлгілік фигура ретінде, енді бір авторлар метонимияның жеке жағдайы ретінде қарастыратын синекдоха – қатыстылық, қамтылушылық, парциалдылық негізінде алмастыру немесе көптікті даралықпен алмастыру.

Кез келген көркем сөздің, тіпті кей кезде жалпы сөздің міндетті белгісі болатын троптарға бүтіндей немесе белгілі бір межеде бағдарланған мәдени дәуірлердің бар екеніне назар аударған абзал. Сонымен бірге риторикалық фигуралардан бас тарту көркемдік маңызға ие деп саналып және де сөз көркем сөз ретінде қабылдану үшін бейкөркем сөздің нормаларын жаңғыртуы тиіс болған тұтас дәуірлердің де барын көрсетуге болар еді. Тропқа бағытталған дәуірлер ретінде мифопоэтикалық дәуірді, орта ғасырларды, барокко, романтизм, символизм және авангард дәуірлерін атап өтуге болады. Осы барлық әртекті мәтін тудырушы құрылымдардың семантикалық қағидаттарын жалпылай келе, троптың типологиялық табиғатын анықтауға болады. Барлық аталған стильдерде семантикалық бірліктерді басқа бірліктермен алмастыру практикасы кеңінен қолданылады. Алайда барлық жағдайда алмастырушы мен алмасушының қандай да бір семантикалық және мәдени параметрлер бойынша барабар еместігі былай тұрсын, сондай-ақ тура қарама-қайшы қасиеті – үйлесімсіздік қасиеті бар екенін атап өткен жөн. Алмастыру коллаж қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Бұл қағидатқа сәйкес суреттің майлы бояумен салынған детальдары жапсырылған табиғи объектілермен көршілес тұратын жайы бар салынған детальға қатысты метонимия ретінде, ал өзі алмастыратын салынуы мүмкін детальға қатысты метафора ретінде қызмет ететін болады. Суреті салынған және жапсырылған объектілер белгілері бойынша әртүрлі және үйлесімсіз әлемдерге тиесілі: шындық/қиялилық, екі өлшемділік/үш өлшемділік, таңбалылық/таңбасыздық және т.б. Бірқатар дәстүрлі мәдени мәнмәтіндердің шегінде олардың бір мәтіннің шегінде кездесуіне үзілді-кесілді тыйым салынған. Дәл осы себепті олардың бірігуі тропқа тән ерекше күшті семантикалық әсерді тудырады. Троптың әсері жалпы «семаның» болуы арқылы емес, олардың үйлесімсіз семантикалық кеңістіктерге қосылуы және үйлесімсіз «семалардың» семантикалық алшақтық дәрежесі арқылы туындайды. Семантикалық алшақтық алмасушы мен алмастырушының өзара аударылмаушылығының әртүрлі аспектілері арқылы қалыптасуы мүмкін. Бұл аспектілер бір/көп өлшемділік, дискреттілік/үздіксіздік, материалдылық/бейматериалдылық, жердегі/арғы жақтағы қатынастары болуы мүмкін. Референт деңгейінде де, сәйкес семантикалық кеңістіктерді салыстырған кезде де, алмасушы мен алмастырушының шекаралары үйлесімсіз болатыны соншалық, тіпті сәйкестік орнату міндеті иррационалды сипатқа ие болып кетеді екен. Ол шартты, шамамен, болжалды болады, жай ғана семантикалық алмастыруды емес, түбегейлі тың әрі тосын семантикалық жағдайды тудырады. Антиномия және иррационалды қарама-қайшылық қағидатына негізделген мәдениет троптарына типологиялық тұрғыда тартып тұратыны кездейсоқ жайт емес.

Егер алмастырушы және алмасушы мүшелер метафораға қатысты біртекті екені айқын болса, онда метонимияға қатысты, мұнда алмастыру бір таңбалық қатардың ішіндегі байланыс бойынша жасалатындықтан, біртекті болып көрінуі мүмкін. Алайда шын мәнінде метафора мен метонимия бұл тұрғыда әртекті функционалды: олардың мақсаты белгілі бір семантикалық алмастыру арқылы оның көмегінсіз де жеткізуге болатын нәрсені жеткізуден емес, басқа тәсілмен беруге келмейтін мазмұнды, ақпаратты жеткізуден тұрады. Екі жағдайда да метафора үшін де, метонимия үшін де тура және ауыспалы мағынаның арасында өзара бір мағыналы сәйкестік жоқ, тек жуық эквиваленттілік қана орнайды. Ұдайы қолданудың себебінен немесе қандай да бір басқа себептен тура және ауыспалы мағынаның арасында семантикалық осцилляция емес, өзара бір мағыналы сәйкестік қатынасы орнаған жағдайда, біздің алдымызда генетикалық тұрғыда ғана риторикалық фигура болып табылатын, бірақ фразеологизм ретінде қызмет ететін өшкен троп пайда болады.

Троп бейнелеу саласына ғана тән әшекей, қандай да бір инвариантты мазмұнның өрнегі емес, ол бір тілдің шегінде құралмайтын қандай да бір мазмұнды құрастыру механизмі болып табылады. Троп – екі тілдің түйіскен торабында туындайтын фигура. Бұл тұрғыда ол тап мұндай шығармашылық сананың механизміне изоқұрылымды болып келеді. Бұл риторикалық фигуралардың олардың билингвиалды табиғатын жоққа шығаратын кез келген логикалық дефинициялары және олармен байланысты модельдер теориялық сипаттаманың метатіліне тиесілі, бірақ ешқашан троптарды тудыру механизмдері бола алмайды деген



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 7. Мәтін риторикасы – мағына тудырушы механизм

ережені де айқындайды. Бұған қоса троп семантикалық бірмағынасыздық тудыру механизмі, мәдениеттің семиотикалық құрылымына қажетті белгісіздік дәрежесін енгізетін механизм екенін ескермесек, бұл құбылыстың дұрыс сипаттамасын ала алмаспыз.

Семантикалық белгісіздік механизмі ретінде троптың функциясы оның мәдениеттің шегінде күрделілікке, бірмағынасыздыққа немесе шындықтың білінбеушілігіне бағытталған жүйелерден көрініс табуына себепші болды. Алайда «риторизм» қандай да бір мәдениеттің дәуірлеріне ғана тиесілі емес. «Поэзия/проза» оппозициясы сияқты, «риторизм/антириторизм» оппозициясы да адами мәдениеттің әмбебаптарына тиесілі. Бұл оппозицияның екі мүшесі де өзара байланысты, ал олардың бірінің семиотикалық белсенділігі екіншісінің өзектілігін тұспалдайды. Риторикалық қанықтық дәстүрге айналып, оқырман күтетін дүние ретінде саналатын мәдениетте троп тілдің бейтарап қорына кіріп кетеді де, бұдан былай риторикалық белсенді бірлік ретінде қабылданбайды. Бұл тұрғыда ауыспалы емес, тура семантиканың элементтерінен құрастырылған «антириторикалық» мәтін метатроп ретінде, қосымша ықшамдалатын риторикалық фигура ретінде қабылдана бастайды, бұған қоса екінші тіл түп-тұқылына дейін қысқарады. Осы субъективті тұрғыда шындықпен және қарапайымдылықпен жақындасу ретінде қабылданатын «минус-риторика» риториканың айна-қатесіз суреті болып есептеледі және эстетикалық қарсыласын өзінің мәдени-семиотикалық кодына қосып алады. Мысалы, неореалистік фильмнің табиғилығының астарында шынтуайтында жарқын псевдотарихи киноэпопеялар мен ұлы зайырлы комедиялардың өшкен және «жұмысын» тоқтатқан риторикасының аясында ықпалды болатын латенттік риторика жасырынып жатыр. Өз кезегінде Феллини фильмдерінің кинематографиялық бароккосу риториканы өте күрделі мағыналар конструкциясының негізі ретіндегі құқығын қайта жаңғыртады.

Метафора мен метонимия аналогиялық ойлау саласына жатады. Бұл тұрғыда олар тап мұндай шығармашылық санамен тығыз байланысты. Сондықтан, жоғарыда айтылғандай, риторикалық ойлауды айрықша көркем ойлау секілді ғылыми ойлауға қарсы қойып салыстырған дұрыс емес. Риторика көркем санаға қаншалықты тән болса, ғылыми санаға да соншалықты тән. Ғылыми сана аясында екі саланы бөліп көрсетуге болады. Біріншісі – риторикалық сала – жақындасу, аналогия және модельдеу саласы. Бұл жаңа идеяларды ұсыну, күтпеген, бәрінен бұрын мағынасыз боп көрінетін постулаттар мен гипотезаларды айқындау саласы. Екіншісі – логикалық сала. Мұнда ұсынылған идеялар тексеруден өтеді, олардан тұжырымдар жасалады, дәлелдер мен пікірлердегі ішкі қарама-қайшылықтар жойылады. Бірінші – «фаусттық» – ғылыми ойлау саласы зерттеудің ажырамас бір бөлігін құрайды және ғылымға тиесілі болғандықтан ғылыми тұрғыда сипаттауға беріледі. Алайда мұндай сипаттау аппараты метариторика тілін жасап, өзі де өзгеше құрылуға тиісті. Мысалы, метаметафоралар ретінде изоморфизмдерді, гомоморфизмдерді, гносеоморфизмдерді эпо-, эндо-, моно – және автоморфизмдерді қоса алғанда қарастыруға болады. Олар, жалпы алғанда, шалғай құбылыстар мен объектілерді бір-біріне жақындастыруға, белгілі бір тұрғыда тіпті теңестіруге мүмкіндік бере отырып, аналогиялар мен эквиваленттіліктердің кең саласын сипаттау аппаратын жасайды.

Сөйтіп, риторикалық мәтіндер аналогиялардың типтерімен және осы аналогияларды белгілейтін параметрлерді анықтау сипатымен берілетін белгілі бір риторикалық жағдайдың жүзеге асуы түрінде ғана мүмкін болмақ. Қандай да бір мәтін топтарының немесе коммуникативтік жағдайлардың шегінде аналогия немесе эквиваленттілік қатынастары орнайтын бұл көрсеткіштер мәдениет типімен айқындалады. Қандай да бір екі объектінің ұқсастығы мен ұқсамастығы, эквиваленттілігі мен бейэквиваленттілігі, үйлесімділігі мен үйлесімсіздігі, жақындаспайтын не теңеспейтін деп қабылдануы мәдени мәнмәтіннің типіне байланысты болады. Бір мәтін оны көркем не бейкөркем мәтінге жатқызатын/жатқызбайтынымызға, оған қатысты қандай қағидаларды қолданатынымызға қарай, яғни оны жатқызатын мәдениет мәнмәтініне қарай «дұрыс» не «бұрыс» (мүмкін емес, беймәтін), «дұрыс және таптаурын» не «дұрыс, бірақ мағыналы болып қалса да, белгілі бір нормаларды бұзатын» және т.б. мәтін ретінде қабылдануы мүмкін. Мысалы, эзотерикалық мәдениеттердің мәтіндері мәдениеттің жалпы мәнмәтіннен шыққан және арнайы кодтарынан алабөтен бола отырып, жалпыға түсінікті болуды қояды, не болмаса бірен-саран рұқсат етілгендерге ғана құпия мәндерін сақтай отырып, сыртқы мағыналық қабат тұрғысынан ғана ашылады. Скандинавиялық жыраулардың,



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 7. Мәтін риторикасы – мағына тудырушы механизм

сопылардың, масондардың және тағы да басқаларының мәтіндері осылай құрылады. Мәтін тура немесе ауыспалы мағынасында түсініле ме деген сұрақ та оған жалпы мәдени кодтарды қосуға байланысты болады. Мәдениеттің метамәдени қабат жасайтын өзін-өзі сипаттау жүйесіндегі бағдары маңызды рөл ойнайтындықтан, мәтін бір перспективада семантикалық тұрғыда «қалыпты» болып, енді бір перспективада семантикалық тұрғыда «қалыптан тыс» болып көрінуі мүмкін. Мәтіннің түрлі метамәдени құрылымдарға қатынасы семантикалық ойынды тудырады. Ал бұл ойын мәтіннің риторикалық құрылысының шарты болып табылады. Мысалы, семантиканың қосымша шифрлануы, егер ол бірмағыналы жолмен жасалған болса, құпия эзотериялық тіл жасауы мүмкін, бірақ ол троп болып табылмайды және риторика саласына қатысы жоқ. Бұл бір. Екінші жағынан, қауырт сөздік ойын, барокко метаморфизмі дәстүрге еніп, әдеби тілдің ғана емес, сонымен қоса зайырлы салондар мен прециозницаның сәнді тілінің болжамды нормасына айналған кезде, қосымша мәндерінен тазартылған, тура және дәл семантикасы берілген сөз әдеби тұрғыда маңызды болады.

Бұл жағдайда риторикалық фигуралардан бас тарту ең белсенді риторикалық фигуралар болды. Метафоралар мен метонимиялардан босатылған мәтін, бір жағынан, оқырмандық болжалмен яғни барокко дәуірінің мәдени нормасымен, екінші жағынан, классицизмнің әлі бұғанасы бекімеген жаңа нормасымен ойындық байланысқа түседі. Барокколық метафора мұндай мәнмәтінде езбелік белгісі ретінде қабылданды және риторикалық функцияны атқармады, ал метафораның болмауы, белсенді рөл атқара отырып, эстетикалық тұрғыда мағыналы боп шықты.

Ғылым саласында ең алыс деген тәжірибе салаларының арасында сәйкестік орнататын жан-жақты гипотезаларды құрастыруға арналған, сондай-ақ «ғылыми риторикамен» және «ғылыми тапқырлықпен» байланысты бағыт-бағдар білім өрісін эмпирика негізінде кеңейтуді көздейтін позитивисттік мақсатпен алмасатыны сияқты, өнер саласында «риторикалық модельдеу» эмпирикалық модельдеумен жүйелі түрде алмасып отырады. Мәселен, реализм эстетикасы өзінің ерте кезеңінде көбінесе антиромантизмнің теріс белгілерімен сипатталады, оған қоса «риторикадан бас тарту риторикасын», яғни екінші деңгейдегі риториканы жасай отырып, романтикалық нормалардың кескінінде қабылданады. Алайда әрі қарай ғылымдағы позитивисттік процестермен байланыса келе, дербес құрылымға ие болады. Бұл құрылым, өз кезегінде, XX ғасырдағы неоромантизмнің және авангардтық ағымдардың семиотикалық фонына айналады.

Мәтінмен, яғни жеке, қымтаулы және біртұтас, бөлінбейтін мағынасы мен біртұтас, бөлінбейтін функциясы бар, мәнмәтіннен бөлініп шыққан семиотикалық құрылыммен жұмыс жасаған сәттен бастап, оның элементтерінің риторика проблемасына қатынасы күрт өзгере бастайды. Егер бүкіл мәтін жалпы алғанда мәдениет жүйесінде риторикалық мәтін тәрізді кодталса, онда оның кез келген элементі де риторикалық деген сөз, бұл ол бөлек тұрма, әлде жоқ па, тура мағынада ма, әлде ауыспалы мағынада ма, оған қарамайды. Мысалы, кез келген аргіогі көркем мәтін біздің санамызда риторикалық құрылымы бар мәтін ретінде қызмет ететіндіктен, көркем туындының кез келген атауы біздің санамызда троп немесе минус-троп ретінде, яғни риторикалық белгілі атау ретінде қызмет етеді. Айтылған сөздің тап мәтіндік табиғаты оны осылай ұғынуға мәжбүр ететіндігіне байланысты, алдымызда мәтіннің өзі тұр деп сигнал беретін элементтер ерекше риторикалық салмаққа ие болады. Мысалы, «басы» және «соңы» деген категориялар риторикалық белгілі категориялар болып шығады, оларға қатысты осы құрылым деңгейінің маңыздылығы айтарлықтай артады. Мәтін ішіндегі құрылымдық байланыстардың сан алуандығы оған кіретін жекелеген элементтердің дербестігін төмендетеді және мәтіннің байланыстылық коэффициентін арттырады. Мәтін жалпы бірыңғай мағынасы бар жеке «үлкен сөзге» айналуға талпынады. Бұл қосымша «сөз» көркем мәтінмен жұмыс жасаған кезде қашанда троп болып есептеледі. Кәдімгі бейкөркем сөзге қатысты көркем мәтін өлшем саны көп семиотикалық кеңістікке ауысады. Не туралы сөз етіліп отырғанын ұғыну үшін, «сценарий – кинофильм» немесе «либретто – опера» тұрпатындағы трансформацияны көз алдымызға елестетіп көрейік. Мұндай тұрпаттағы трансформацияларда мағыналық кеңістіктің белгілі бір координаттар саны бар мәтін семиотикалық кеңістіктің өлшемділігі күрт өсетін мәтінге айналады. Сөздік мәтін көркем мәтінге айналған кезде де осыған ұқсас құбылыс орын алады. Сондықтан көркем мәтін мен бейкөркем мәтін элементтерінің арасында



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 7. Мәтін риторикасы – мағына тудырушы механизм

да, тұтастығында да бірмағыналы қатынас беймүмкін, демек өзара-бірмағыналы аударма да мүмкін емес деген сөз. Шартты эквиваленттілік және аналогияның әртүрлі типтері ғана мүмкін болмақ. Риторикалық қатынастардың мәні де осында. Бірақ риторикалық құрылымға бағытталған мәдениеттерде семиотикалық құрылымның үдемелі иерархиясындағы әр саты мағыналық құрылым кеңістігін өлшеуді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, риторикада дара сананың да, ұжымдық сананың да әмбебап қағидаты көрініс табады.